## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | География |
| **Мұғалім** | Мырабилдаева Құралай |
| **Мектеп, сынып** | Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ағашорын ауылы, Ағашорын орта мектебі, 7-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Солтүстік Американың физикалық-географиялық орны, материк жағалауын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер, материктің зерттелуі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Жалпы мақсаттар** | ***Білімділік:***<br>*Оқушыларға Солтүстік Американың физикалық-географиялық орны, материк жағалауын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер, материктің зерттелу тарихы жайлы түсіндіру.*<br>***Дамыту:***<br>*Өз бетінше ізденіп, шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге дағдыландыру. Өз ойларын еркін де сауатты, нақты жеткізу қабілеттерін арттыру.*<br>***Тәрбиелік:***<br>*Жан-жақтылыққа, ізденімпаздыққа баулу, тыңдай және сөйлей білу мәдениетін арттыру.* | | |
| **Күтілетін нәтижесі** | Оқушылар тақырып мазмұнын жұппен, жеке талдаулар арқылы меңгеруге дағдыланады. Талдау, пікіралмасу арқылы сыни ойлау дағдылары қалыптасады. | | |
| **Сабақтың әдісі** | Алмасып, жеке жұмыстар, диалог әдісі. | | |
| **Керекті құрал-жабдықтар** | Электрондық оқулық, слайдтар, Солтүстік Американың физикалық картасы, интерактивті тақта, слайд, жұмыс дәптері. | | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** | **Ресурстар** |
| **Кіріспе**<br><br>**Ұйымдастыру** | **I. Ұйымдастыру кезеңі.**<br><br>Оқушылармен амандасу. Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастыру.<br><br>**II. Үй тапсырмасын тексеру.**<br><br>*Слайд №1* | 1. Оқушылар амандасады. Оқу құралдарын шығарып, сабаққа дайындалады.<br><br>Алмасып, жауап парағы бойынша бір-бірін тексереді. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br> | Бағалау парағына бағалайды. | |
| **Негізгі бөлім**<br><br>**Жаңа сабақ** | **«Қызығушылығын ояту»**<br><br>Солтүстік Америка материгін таныстыру туралы өлең оқып, тақырыпты ашу. Сабақтың мақсатымен таныстыру.<br><br>Мен өзім үш бұрышқа ұқсас жермін,<br>Қазір де әл-ауқатты бірнеше елмін.<br>АҚШ бар, Канада бар, Мексика бар,<br>Даңқымен таң қалдырған барлық елдің,<br>Тауларым бар Кордильер мен Аппалачтай,<br>Макензи, Миссисипи суым қандай!<br>Виннипег, Ұлы көлдер, тұзды көлім,<br>Тамаша көрген адам таң қалғандай.<br><br>- Балалар осы өлең жолдарында қай материк туралы айтылған?<br>*(Солтүстік Америка)*<br><br>*Слайд №2*<br><br>***Солтүстік Америка***<br><br>*Солтүстік Америка жер көлемі жөнінен Еуразия мен Африкадан кейінгі үшінші орын алады, жерінің ауданы 24,2 млн. км$^2$. Солтүстік Америка материгі солтүстік жарты шарда арктикалық белдеудегі аралдардан субэкваторлық* | Оқушылар бейнефильмді көру арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды.<br><br>Оқушылар жаңа тақырыпты оқып шығып, жұбымен пікір алмасып, талқылайды.<br><br>Кескін картамен жұмыс.<br><br>*Солтүстік Американың шеткі нүктелері орналастыру.*<br><br><br> | BILIM Land<br><br>http://bilimland.kz/kk/home#lesson=14210 № 2684.4<br><br>http://bilimland.kz/kk/home#lesson=14210 № 2684.5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *белдеуге дейін созылып жатыр.*<br><br>*Солтүстік Американың шеткі нүктелері:*<br>*Солтүстігінде - Мерчисон.*<br>*Оңтүстігінде - Марьято.*<br>*Шығысында - Сент Чарльз.*<br>*Батысында - Принц Уэльский.*<br>*Жағалауларын Солтүстік Мұзды, Атлант, Тынық мұхиттарының сулары шайып жатыр.*<br><br>*Слайд № 3*<br><br>*Солтүстік Америка материгінің табиғат ерекшеліктері.*<br><br>***Дәптермен жұмыс***<br><br>*Слайд № 4*<br><br>Солтүстік Америка материгінің зерттелу тарихы.<br><br>*Слайд № 5* | Оқушылар дәптерлеріне тапсырманы орындайды.<br><br>«Өрмекшінің торы». | |
| Қорытынды | **Бекіту**<br><br>**1-тапсырма**<br><br>**Сандар сөйлейді**<br>**Осы сандардың нені білдіретінін табыңыз.**<br>**6420 км;**<br>**1200 м;**<br>**+57˚;**<br>**51 м;**<br>**25 км;**<br>**9000 км;**<br>**24,2 млн.км2;**<br>**6000 мм;**<br>**100 мм;**<br><br>**2-тапсырма**<br><br>Резюме<br>1. Материктің аты:____________________________ | Оқушылар дәптерлеріне тапсырманы орындайды.<br><br>Алмасып, жауап парағы бойынша бір-бірін тексереді.<br><br>Бағалау парағына бағалайды. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ___________<br>2. Жер көлемі:________________________<br>_________________<br>3. Ең биік нүктесі:______________________<br>__________________<br>4. Ең төмен орналасқан нүктесі:______________________<br>_____________________<br>5. Зерттеген ғалымдар:___________________<br>__________________________<br>6. Жағалайын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер:__________________<br>**3-тапсырма**<br><br>Тест 1<br>Тест 2<br>Тест 3<br>Тест 4<br>Тест 5<br><br>Оқушылардың тапсырмаларды орындауын қадағалайды.<br><br>Сұрақты түсінбеген оқушыға түсіндіреді.<br><br>Нұсқаларды жинап, жауап парағы бойынша дұрыс жауаптарын оқушыларға тексертеді.<br><br>Оқушыларға рефлексия *Слайд № 5* жаздырады, үйге тапсыма береді, қорытынды бағаны айтады.<br><br>Оқушылардың бағаларын журналға түсіреді;<br><br>- Қорытындылайды, коштасады. | Бүгінгі сабақ туралы рефлексия жазып, тақтаға іледі.<br><br>Дәптерлеріне үй тапсырмасын жазады, қорытынды бағаларын шығарады.<br><br>Бағаларын күнделікке қойғызады, мұғаліммен қоштасады. | http://bilimland.kz/kk/home#lesson=14210 № 2684.8-12 |